# Magjan juldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 25 (824) 20 маусым 2024 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://vk.com/ Magzhan zhuldizi ● e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz


ПРЕЗИДЕНТ

## ПРЕЗИДЕНТ СУ ТАСҚЫНЫМЕН КҮРЕСКЕ БЕЛСЕНЕ АТСАЛЫСҚАН АЗАМАТТАРДЫ МАРАПАТТАДЫ

**Мемлекет басшысы су тасқынымен күрес шараларына белсене атсалысқан ел азаматтарын марапаттау рәсімінде сөз сөйледі.**



Президент, ең алдымен, бұл бұрын ешқашан болмаған ең жойқын табиғи апат екенін атап өтті. Қазақстанның 10 аймағында төтенше жағдай жарияланды. Жалпы, ел көлемінде 19 мыңнан астам тұрғын үйді су басты.

– Сын сағатта еліміз ырысты ынтымағын танытты. Біз табиғи апат кезінде жұрт болып жұмылдық. Біртұтас ел екенімізді көрсеттік. Құтқарушылар, әскерилер, ішкі істер органдары мен әкімдік қызметкерлері тәулік бойы жұмыс істеді. Олар Отан алдындағы парызын мінсіз атқарды. Бір сөзбен, антқа адал болды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев топан сумен күреске күштік құрылымдардың 63 мыңнан астам қызметкері атсалысқанына назар аударды. Құтқару операциясы барысында 120 мыңнан астам адам, оның ішінде 40 мың бала қауіпсіз жерге көшірілді.

– Бұл – құтқарушылар мен ұшқыштардың қажырлы еңбегінің нәтижесі. Әбіш Кекілбаев «Елін сүйген азаматқа ең үлкен қайғы – өз халқының тағдырынан тыс қалу» деп айтқан. Ұлттық еріктілер желісі табиғи апат болған сәттен бастап ерекше белсенді болды. 50 мыңнан астам волонтер көмек керуендерін ұйымдастырды. Олар апат аймақтарына азық-түлік және басқа да қажетті заттарды жеткізуге атсалысты. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жүректен жүрекке» акциясы ортақ іске мол септігін тигізді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Кентау қаласында тұратын Гауһар Шаймерден есімді оқушы қыздың ата-анасына отаншыл ұрпақ өсіріп жатқаны үшін алғыс айтты. Ол өзі жинап жүрген қаржысын Құлсары қаласының тұрғындарына аударған. Сонымен қатар Атырау облысының тұрғындары – тоқсаннан асқан Орынша Тоқтыбаққызы мен Әлия Досмұханованың ерен еңбегін ерекше атап өтті. Бұдан бөлек, Президент көмек бергені үшін бауырлас мемлекеттерге, халықаралық компаниялар мен ұйымдарға ризашылығын білдірді.

– Нағыз достық қиындықта сыналады деп тектен-тек айтпайды. Кейбір шетелдік азаматтар зардап шеккен адамдарға жәрдемдесу үшін арнайы келді. Осы сәтті пайдаланып, қиын-қыстау шақта қолдау білдіргені үшін шетелдік серіктестерімізге және достарымызға шын жүректен ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, су тасқыны кезінде халқымыз бірлігі бекем, ынтымағы берік ел екенін көрсетті.

– Алапат су тасқындап келіп қалғанда, отандастарымыз табиғат апатымен күресіп жатқан құтқарушыларға көмек қолын созды. Олар су басқан аймақтарда жауапты қызмет мекемелеріне жәрдемдесіп, жанқиярлықпен әрекет етті әрі батылдық танытты. Көбі адамдар мен жануарларды өз көліктерімен қауіпсіз жерге алып шықты. Мыңдаған жанашыр азамат тасқын судан қорғайтын бөген салуға қатысты. Ортақ күш-жігердің арқасында біз жағдайдың ушығып кетуіне жол бермедік, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы өздерін нағыз отаншыл әрі жауапты азамат ретінде көрсеткен еріктілердің еңбегін жоғары бағалап, оларды қазіргі заманның батырлары деп атады.

– Мен еріктілер қозғалысының дамуына айрықша мән беремін. Өздеріңізге мәлім, 2020 жылды Волонтер жылы деп жарияладым. Осы уақыт ішінде еліміздегі волонтерлік қызмет мүлде жаңа деңгейге көтерілді. Еріктілердің күш-жігерінің арқасында маңызды бастамалар мен жобалар жүзеге асты. Ең бастысы, біз адамдардың мемлекет пен қоғам өміріне араласуға, адами құндылықтар мен қасиеттерге сай болуға деген ниетін ояттық. Еліміздегі жан-жақты жаңғырулардың қозғаушы күші – адам. Қолға алынған ауқымды реформалар табысты жүзеге асу үшін еліміздің барша азаматы күш біріктіруі қажет екеніне сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент баспанасыз қалған адамдарға «Қазақстан халқына» қорынан тұрғын үй салуға қаражат бөлінгенін айтты. Жалпы, 2200-ден астам үй салынады. Сондай-ақ 10 мыңға жуық баспана күрделі жөндеуден өтеді.

– Тасқынның зардабын жоюға бірқатар кәсіпкеріміз қомақты қаражат бөлді. Олар әрдайым туған елімен бірге екенін нақты іспен дәлелдеді. Ұлт мүддесіне сай жауапкершілігі мол кәсіпкерлік дегеніміз – осы. Әрине, қалыс қалған кәсіпкерлер де аз емес, олардың кім екенін де жақсы білеміз. Біз ешкімді мәжбүрлеген жоқпыз. Әркім өз таңдауын жасады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Киевте Қазақстан журналисіне жасалған қастандық әрекетке қатысты пікір білдірді.

– Елімізде Заң үстемдігін нығайтып жатырмыз, яғни барлық салада, ең алдымен, Заң үстемдігін қамтамасыз ету – басты міндет. Бұл мәселе бойынша менің көзқарасым – айқын. Мұны өздеріңіз де жақсы білесіздер. Қазақстанда Заң мен тәртіп бәрінен биік тұруға тиіс. Сондықтан қоғамдағы барлық қарама-қайшылықтар мен келіспеушіліктерді тек қана құқықтық тұрғыдан, яғни тиісті Заңнамаға және негізгі халықаралық нормаларға сәйкес шешу қажет. Кеше Қазақстан азаматы Айдос Садықовқа қатысты Киевте болған қылмысқа да дәл осы ұстаным тұрғысынан қараған жөн. Мен дипломатиялық арналар мен құқық қорғау органдары арқылы осы оқыс оқиға бойынша ресми сұратулар жіберу туралы нақты тапсырма бердім. Сондай-ақ қажет болған жағдайда Қазақстанның ресми органдары істің ақиқатына жетуге жәрдем беру үшін тергеу жұмысына қатысуға дайын екенін айтқым келеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, апат салдарын жоюға атсалысқан әр азаматқа шынайы ризашылығын білдірді.

– Баршаңызға мәлім, қазір «Таза Қазақстан» акциясы басталды. Бұл – өте маңызды әлеуметтік, тіпті саяси жоба. Оның түпкі мәні – ұлтты ортақ іске ұйыстырып, елімізді көркейте түсу, халқымыздың жаңа экологиялық сана-сезімін дамыту. Бұған, ең алдымен, өздеріңіз сияқты адал азаматтар ұйытқы болады. Ел мүддесі үшін жасалған еңбек пен ерлік ешқашан ұмытылмайды. Сондықтан бүгінгі марапатты халықтың сіздерге деген зор алғысы деп қабылдаған жөн, – деді Президент.

Марапаттау рәсімінде «Зағиптар арманы» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің іс жүргізушісі Әлия Досмұханова, «Основание» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің экскаваторшысы Владимир Царик және «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Ақтөбе филиалының су беруді реттеушісі Шыңғыстау Әбдиев сөз сөйледі.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы су тасқынына қарсы шараларға белсене атсалысқан бір топ құтқарушыны, волонтерлер мен қоғам белсенділерін, әскери қызметшілер мен дәрігерлерді, қарапайым жұмысшыларды, сондай-ақ кәсіпкерлер мен ірі бизнес өкілдерін марапаттады.

ПАРТИЯ ҰЙЫМЫНДА

## СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ – ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА




*19 маусым күні «AMANAT» партиясы аудандық филиалында партияның депутаттық фракциясының кезекті жиыны өтіп, оған «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов, партия фракциясының мүшелері, мемлекеттік орган басшылары мен шақырылғандар қатысты. Күн тәртібінде «Халықпен бірге» атты «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша Жол картасын орындау туралы сұрақтар қаралды.*

Жиынды «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов ашып, жүргізіп отырды.

Алғашқы болып ТКШ бөлімінің бас маманы Арман Әділов сөз алып, сумен жабдықтау туралы баяндама жасады.

- Аудандағы 63 елді мекеннің ішінен 62 елді мекен орталықтандырылған сумен жабдықтауды пайдаланады, Камышлово ауылында су бұру тармағының апатына байланысты су берілмейді, тұрғындар суды жергілікті су көздерінен пайдаланады (2 аула).

2023 жылы Писаревка, Жастар, Александровка, Молодогвардейское ауылдарында су құбыры құрылыстары алаңының салумен кентішілік су тарату желісін қайта жаңарту аяқталды. Биыл Октябрьское, Қарағанды, Новотроицкое, Таманское елді мекендерінде су тарату желілерінің құрылысы жалғасуда, - деді баяндамашы.

Содан кейін Булаев қаласы, Луговая көшесі бойында орналасқан 3 қабатты 45 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы туралы құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Руслан Сәдуақасов ақпарат берді. Оның айтуынша, құрылыс 2022 жылдың мамыр айында басталған.

- Мердігер – «Иман» ЖШС, шарттың жалпы сомасы 634 543,5 мың теңгені құрайды. Ағымдағы жылы 428.4 млн. теңге бөлінді, бүгінгі күні іске қосу актісінен кейін төленетін 5 пайыз - 31.7 миллион игерілмеген күйінде қалып отыр. Қазіргі уақытта үй бойынша жұмыстар аяқталды, үй пайдалануға беруге дайын. Мердігер үйді пайдалануға беру және Тапсырыс берушіге тапсыру бойынша құжаттарды дайындап жатыр. Пайдалануға беру ағымдағы айдың соңына дейін деп күтілуде, - деді Руслан Қасымжанұлы.

Күн тәртібіне шығарылған барлық сұрақтарды қарастырған соң, депутаттар баяндамашыларға сұрақтар қойып, құрылыс жұмыстарын сапалы әрі уақытылы атқарылуын үнемі қатаң бақылауда ұстау қажеттігін ескертті.

- Фракция депутаттары бірлескен жұмыс жүргізуі, сайлаушылар мен партияның мүдделерін қорғауы, заңнамалық процеске ықпал етуі, фракция өткізетін іс-шараларға қатысуы, сайлаушыларға партия саясатын насихаттауға және түсіндіруге, сондай-ақ партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыруға белсенді қатысуы тиіс, - деді Төлеген Әлжанұлы.

САЯСИ БАҒДАР

# РЕФОРМАНЫҢ ҮШТАҒАНЫ: ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

**Барша қауымға белгілі, жалпы жұртқа жария бір ақиқат бар. Еліміз кейінгі бес жылдың бедерінде мүлде өзгеріп, билік құрылымынан бастап қоғамдық-саяси санаға дейін түбегейлі жаңғырып жатыр. Бұл жаңғыру батыл қадамдарға, байыпты шешімдерге табан тірейтіні сөзсіз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған сол саяси бағдар жөнінде тарқатып айтқан жөн болар.**



**Әділеттілік – қоғамның жаңа қағидасы**

Мемлекет – аса күрделі құрылым. Оны реформалау және қандай да бір өзгеріске әкелу – қиынның қиыны. Мұны жүзеге асыру үшін халықты ұйыстыратын алып идея қажет екені айтпаса да белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев билікке келген тұста қоғамның мұндай идеяға деген сұранысы аса жоғары еді. Президент ұсынған "Әділдік" феноменінің бірден ел идеологиясының тұтқасына айналуы – осының айғағы.

"Әділдік" ұғымы ұлттық реформалардың басты ұранына айналды. Бұл ұстаным ауқымды өзгерістердің үштағаны саналатын саяси, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық сана реформасының өзегі ретінде берік бекіді. Сонымен қатар бұл өзгерістерді нақты идеяны арқау еткен, түпкі мұраты айқындалған байыпты бастама ретінде қабылдаған абзал.

**Саяси институттар трансформациясы**

Қасым-Жомарт Кемелұлы Президент лауазымын қолға алғаннан бері іске асқан саяси реформалардың түпкі мазмұны елдегі демократия институттарын дамытуды көздейді. Бұл – саяси жүйені жаңғыртуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға негіз болды.

Саяси реформалар туралы сөз қозғағанда Конституцияны өзгертуге бағытталған жалпыұлттық референдум туралы атап өту – заңдылық. Бұл ретте Президенттің өзгерісті әркім өзінен бастауы керек деген ұстанымы жалпыға бірдей үлгі болғаны анық. 2022 жылы енгізілген Конституциялық өзгерістердің басты жаңалығы – Президенттің өкілеттігін бір мерзіммен шектеу туралы шешім. Бұл "Әділдік" феноменінің нақты орындалғанын көрсетті.

Сондай-ақ референдум аясында Парламенттің рөлін күшейту және құқық қорғау органдарының қызметін жақсартуға бағытталған шаралар қолға алынды. Бұл реформалар саяси жүйенің тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруға және халықтың билікке деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді. Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етіп, демократиялық институттардың нығаюына ықпал етеді.

Мемлекет басшысының саяси реформаларының тағы бір тармағы саяси партияларды тіркеуді жеңілдету болды. Бұл өзгеріс саяси аренада жаңа партиялардың пайда болуын жеңілдетіп, саяси әралуандыққа жол ашты. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі де айтарлықтай өзгеріске бет алды. 2021 жылы алғаш рет ауыл әкімдері тікелей сайлау арқылы сайлана бастағанын білесіздер. Бұл қадам жергілікті мәселелерді тиімді шешуге және азаматтардың өз өңірлеріндегі басқару үдерісіне белсенді араласуына мүмкіндік береді.

Саяси трансформацияның тағы бір маңызды бөлігі – Парламенттің рөлін күшейту туралы шешім. Парламенттің атқарушы билікті бақылау функцияларын күшейту арқылы заңнамалық органның ықпалы артты деуге толық негіз бар.

Президент ұсынған саяси реформалардың бір жаңалығы – адам құқықтарын қорғауға бағытталған шаралар. Мемлекет басшысы адам құқықтарын қорғау механизмдерін жетілдіретін және азаматтық қоғамды дамыта түсетін қолдау шараларын енгізді. Конституциялық сот қайта қалпына келтірілді. Заңдылықты қадағалайтын прокуратура мен Адам құқығы жөніндегі уәкіл конституциялық мәртебеге ие болды. Бұл қадамдар халықаралық стандарттарға сай келетін құқықтық жүйені қалыптастырды.

Аталған реформалар елдің саяси жүйесін жаңғыртуға, қоғамның саяси өмірге белсенді қатысуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтауға жол ашты. Түптеп келгенде, бұл ауқымды шаралар Әділетті Қазақстанның нықтап орнығуына мүмкіндік берді.

**Әлеуметтік-экономикалық реформалар**

Қасым-Жомарт Тоқаев елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында да ауқымды реформалар жүргізіп келеді. Бұл – қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға, экономикалық өсімді қамтамасыз етуге және халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға бағытталған. Президент Тоқаевтың бастамасымен Конституцияға концептуалды өзгеріс енгізілді. Яғни жер мен оның қойнауындағы байлық халықтың меншігі ретінде айқындалды. Бұл қағида әлеуметтік саясаттың тірегіне айналды.

Нақты дәлел: "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама арқылы еліміздегі әр балаға Ұлттық қордан қаражат бөліне бастады. Бұл шараның түпкі мақсаты – әлеуметтік теңсіздікті азайтып, балалардың өмір сүру жағдайын жақсарту. Бағдарлама өскелең ұрпаққа инвестиция салып, олардың білім алуына, денсаулығын жақсартуға және өмір сүру деңгейін арттыруға мүмкіндік беруге тиіс.

Шағын және орта бизнесті қолдау жұмыстары да артты. Бизнесті тексеруге үш жылға дейін мораторий жарияланды. Заңсыз алынған активтерді елге қайтарып, экономикалық айналымға түсіре бастады. Еліміздің логистикалық мүмкіндіктерін молайту арқылы табыс түсімін арттыруға жіті мән берілуде. Алдағы уақытта Қазақстанды логистикалық хабқа айналдыру жөнінде ауқымды міндеттер қойылды. Соған сәйкес инфрақұрылымды дамытудан бастап, қалыптасқан жүйені цифрландыру жұмысын қарқынды жалғастыруға айрықша мән беріліп отыр.

Президент индустрияландыру және инновацияларды дамытуға үлкен мән береді. Осы бағытта экономиканың әртараптандырылуы және жаңа технологияларды енгізу мемлекеттің маңызды міндеттеріне айналды. Индустриялық-инновациялық даму бағдарламалары арқылы өндіріс орындарын құру, ғылыми зерттеулерді қолдау және жоғары технологиялық салаларды дамыту көзделіп отыр. Цифрландыру саясатын жаңғыртып, бұл бағыттағы жетістіктерімізді еселеуге жаңа мүмкіндіктер жасалып келеді. Бұрын назар аударылмаған энергетикалық, инженерлік жүйені түбегейлі жаңарту бастамасы қолға алынды. Ұлттық қауіпсіздік, халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін бұл сала ондаған жыл бойы қараусыз қалып келгені ешкімге жасырын емес. Мемлекет басшысы бұл олқылықтар түзелмей тұрмыс түзелмейтінін жақсы біледі және білгендіктен нақты шешімдер қабылдап келеді.

Әлеуметтік серіктестік қағидаттары да – ерекше тоқталуды қажет ететін тақырып. Еліміз еңбек қатынастарын реттеу, жұмысшылардың құқықтарын қорғау және еңбек жағдайларын жақсарту мәселелерін айтарлықтай күшейтті. Әлеуметтік серіктестік аясында жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасындағы диалогты нығайту, еңбек құқықтарын қорғау және өндірістік дауларды шешу тетіктерін жетілдіру маңызды орын алады.

Әлеуметтік саланың әуелгі тірегі саналатын денсаулық сақтау және білім жүйесі де түбегейлі реформаға ұшырады. Аталған сала мамандарының жалақысын екі есеге дейін ұлғайту туралы шешім қабылданды. Бұл білікті мамандардың салаға келуіне жаңаша серпін бергені сөзсіз.

"Педагог мәртебесі туралы" Заң қабылданды. Ғылымның дамуына айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Ұлттық ғылым академиясы өзінің тарихи тұғырына қайта қонды. Алдағы уақытта жоғарыда біз атап өткен әділеттілікке негізделген әлеуметтік және экономикалық саясат қағидасы – еліміздің қуатының, халқымыздың әл-ауқатының негізгі сенімді күші болып қалатыны даусыз.

**Қоғамдық сананың серпілісі**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың күллі реформасының өзегінде "Заң мен Тәртіп" ұстанымы тұр. Шын мәнінде "Әділдік" феномені осы екі түсінік үстемдік құрмай тамыр жая алмасы анық. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның "Заң адам үшін жазылады. Адам заң үшін тумайды" деген сөзі бар. Еліміз қабылдаған қабырғалы құжаттар ең әуелі азаматтарымыз, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, оларды кертартпа қоғамдық кеселдерден сақтау үшін жазылған.

Бұл ретте елімізде синтетикалық есірткі саудасын, құмар ойын жарнамасын, тұрмыстық зорлық-зомбылықты, браконьерлікті ауыздықтайтын бірқатар заң қабылданды. Мұның бәрі Әділетті Қазақстанды тұғырына шығарып, нық орнатуға бағытталған қадамдар. Түбегейлі реформалар өз миссиясын орындады. Бірақ реформаларды жүзеге асыру – бір бөлек, оны орнықтыру – бір бөлек дүние. Бұл үшін қоғамдық сана да жаңғыруға тиіс.

Президентіміз ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын жаңа құндылықтар тізімін, яғни "Адал азаматтың" бейнесін айқын көрсетті. Бұл не үшін қажет? Қоғамдық ұстанымдар мен қолдау негізінде оң бағыттағы реформалардың іске асуы және берік орнығуы үшін қажет. Себебі адал азамат – ескі жүйеге оралмаудың кепілі, әділеттілік құндылықтарының қорғаны.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көшбасшылығымен еліміз бес жылды еңсерді. Бұл ұзақ жылдар бойы сіресken саяси жүйені серпілткен бес жыл болды. Қордаланған әлеуметтік мәселелердің түйінін шешкен бес жыл болды. Экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету үшін батыл ұмтылыс жасаған бес жыл болды. Ең бастысы, қоғам жылдар бойы күткен әділеттілікті төрге оздырған бес жыл болды. Бұл бес жыл алдағы жетістіктеріміздің жолашарына айналатыны анық.

**Берік УӘЛИ,**
**Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі - Президенттің баспасөз хатшысы.**

ЕГІС - 2024

# «КЕҢ ДАЛАНЫҢ» КӨМЕГІ КӨП



**Диқандар үшін ыңғайлы "Кең дала-2" бағдарламасына ел бойынша бүгінге дейін 300-ден астам кәсіпкер қатысса, соның 38-і – біздің өңірдің диқандары. Олар жалпы сомасы 2,8 млрд. теңге жеңілдетілген несие алды.**

Көктемгі егін егу мен күзгі жиын-терім жұмыстарын қаржыландыруға бағытталған "Кең дала-2" бағдарламасы бойынша несие алғандардың бірі – "Полтавское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Аққайың ауданындағы шаруашылықтың 15 мың гектарға жуық алқабы бар, дәнді, майлы дақыл, жемшөп егеді.

"Бұған дейін "Кең дала" бағдарламасы бойынша 400 млн. теңге алдық. Жаңадан қабылданған "Кең дала-2" бағдарламасы арқылы біз 200 млн. теңге алдық. Өте ыңғайлы бағдарлама, өйткені қарызды күзде қайтаруға болады. "Кең дала-2" бағдарламасы арқылы қаражат белгілі бір мақсатқа беріледі. Біз алған ақшаның 90 млн. теңгесіне мың тонна тыңайтқыш алып, осылайша 40 пайызын төледік. 30 пайызы гербицид алуға жұмсалды. Бұл қаражатты жұмысшылардың еңбекақысын беруге пайдалануға болады. Диқандарға көмек керек, былтыр орақ қиын жағдайда өтті. Көктемде су тасқыны болды, қосымша шығынға батып жатырмыз", – дейді "Полтавское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының орынбасары Ерлан Зікірин.

Аққайың ауданындағы шаруашылық мемлекеттің қолдауы нәтижесінде ісін дөңгелетіп қана қоймай, ауылдың дамуына да үлес қосып жатыр. Серіктестік өкілдері жылына 200-300 млн. теңгеге жуық қаражатты әлеуметтік мәселелерді шешуге жұмсайтындарын айтты. Баспаналар тұрғызуға ерекше мән берілуде. Әр баспананың өзіндік құны орта есеппен 16 млн. теңгені құрайды екен. "Біз оны жұмысшыларымызға 10 жылға бөліп төлеу мүмкіндігімен 4,5 млн. теңгеге бердік. Осындай 11 үй салдық. 120 шаршы метр, ішінде суы, кәріз жүйесі бар. Былтыр балабақшаны пайдалануға бердік. Жолдарды жөнге келтірдік. Қазір ауылда қоғамдық монша, медициналық пункт жұмыс істейді", – дейді Ерлан Зікірин.

"Кең дала-2" бағдарламасы бойынша көктемгі егін егу мен күзгі жиын-терім жұмыстарын қаржыландыруға биыл ел бойынша 300 млрд. теңге бөлінген. Жеңілдетілген несиені "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ филиалдарынан, екінші деңгейлі банктерден, кредиттік серіктестіктерден, микроқаржы ұйымдарынан және әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар мен өңірлік инвестициялық орталықтар арқылы алуға болады.

"Қарыз алушылар үшін жеңілдетілген жылдық сыйақы мөлшерлемесі 5 пайыз деңгейінде болады. Бұған дейін фермерлер пайыздық мөлшерлемені қысқарту үшін және субсидия алу үшін жергілікті жерлердегі ауыл шаруашылығы басқармаларына жүгінуге, жаңа міндеттемелерге қол қоюға, қаржының бөлінгенін күтуге мәжбүр болған. Кепілге қоятын мүлік іздеп қажет емес, қарыз сомасының 85 пайызын "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры кепілдендіреді", – дейді "Аграрлық несие корпорациясы" акционерлік қоғамы басқарма төрағасының орынбасары Мәрлен Нәбиев.

"Аграрлық несие корпорациясы" АҚ баспасөз қызметінің мәліметінше, өңірге "Кең дала-2" бағдарламасы бойынша 50 млрд. теңге бөлінген. Қазіргі уақытта 134 фермерден 14,7 млрд. теңгенің өтінімі түскен.

**Ақерке ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ,**
**«Soltüstık Qazaqstan».**

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

# АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ






***Маусымның әр үшінші жексенбісі - елімізде медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі аталып өтеді. Әлемдегі ең қадірлі де жауапты кәсіп иелерінің бірі – медицина қызметкерлері. Бұл сала елімізде қашан да барлық уақытта құрметке лайық болған мамандық. Ұлт денсаулығы әрқашанда мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық стратегия басымдықтарының бірі болып табылады. Біздің Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде ұлт денсаулығын мемлекетіміздің басты байлығы деп атап өтті.***

Осыған орай, 15 маусым күні аудандық Мәдениет үйінде медицина қызметкерлеріне арналған салтанатты іс-шара болып өтті. Айтулы шараға аудан әкімі Қайрат Омаров қатысып, мереке иелеріне жылы лебізі мен шынайы алғысын білдірді.

- Құрметті ауданымыздың ақ халатты абзал жандары! Сіздері келіп жеткен кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Адам өміріне араша түсетін дәрігерлік мамандықты таңдау үлкен жауапкершілікті жүктейтіні белгілі. Сіздердің арқаларыңызда көптеген адамдар емделіп, сырқатынан жазылуда. Әрине, адам өміріндегі ең құнды нәрсе - оның денсаулығы. Дәрігер болмаса, науқасқа оның ауруларымен күресуге кім көмектеседі? Сол себепті де халық үшін жүгіріп, қолдарыңыздан келген көмекті беріп жүргендеріңіз үшін алғысымыз шексіз.

Құметті дәрігерлер! Сіздерді келіп жеткен кәсіби мерекеңзбен құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға толағай табыс тілеймін, - деді Қайрат Қайроллаұлы.

Бұл күні сахна төрінде денсаулық сақтау саласындағы мінсіз еңбегі және азаматтардың денсаулығын сақтауға қосқан жеке үлесі үшін көптеген сала мамандары аудан әкімі Қайрат Омаровтың, «AMANAT» партиясының төрағасы Төлеген Әбілмәжіновтың, аудандық аурухананың директоры Гүлбану Сағындықованың алғыс хаттарына ие болды.

Содан кейін арнайы шақырылған Ақан сері атындағы облыстық филармония әртістері, соның ішінде ҚР «Мәдениет саласының үздігі» төс белгісінің иегерлері Мұхит Ахметов, Елена Уварова, Андрей Шубин, Мұрат Бекежанов және «Құрмет» орденін иеленген өнерпаздар мен мың бұралған бишілер өз өнерлерін ортаға салып, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

**Қанат ӨТЕМҰРАТОВ.**

КІТАПХАНА ТҮНІ - 2024

# «АЛАУЛЫ АЛАШ»

***7 маусым күні Надежка ауылының Мәдениет үйінде «Алаулы Алаш» атауымен Алаш партиясы көшбасшыларының мерейтойларына арналған «Кітапхана түні – 2024» кітапханалық іс-шарасы өтті. Іс-шара ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сәуле Нұрқайдарова, аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің әдіскерлері, ауыл кітапханашылары, Надежка ауылдық кітапханасының оқырмандары саналатын «Келтесай» заставасының шекарашылары, мектеп оқушылары мен мұғалімдері, зейнеткерлер, «Сүйкімді ханымдарға арналған» клубының мүшелері белсенді қатысты.***



Іс-шара бірнеше кезеңге бөлініп, кітапханашылар көптеген шығармашылық және интерактивті алаңдарды ұйымдастырып, патриоттық, концерттік бағдарлама дайындады. Мәселен, дәлізде «Шеберлер аллеясы» көрмесіне ауыл оқушылары мен тұрғындарының шығармашылық жұмыстары қойылса, Ж. Сұлтанова киізден жасалған ұлттық бұйымдарды жасау бойынша «Киіз миниатюрасы» шеберлік сыныбын көрсетті.

Сондай-ақ түрлі-түсті безендірілген «Алаш Арыстары» стенд-көрмеде Әсел Елубаева «Алаш» партиясының жетекшілері мен олардың шығармалары туралы айтып берді. Акцияға қатысушылар үшін әдеби-танымдық алаң жасалып, онда қатысушылар қызықты жұмбақтар мен мақал-мәтелдер естіді. Балалар «Ертегі кейіпкерін тап» байқауында үлкен қызығушылықпен бақ сынасып, ертегілер еліне саяхат жасады. Жалпы қатысушылар түрлі викториналарға қатысып, жұмбақтар шешіп, іс-шара барысында көңілді флешмоб биледі. Кешке таман балаларға арналған библио-буфет жұмыс істеп, онда жастарға шырын мен бауырсақ таратылды, сонымен бірге, әр қатысушыға тәтті сыйлықтар дайындалды.

Іс-шара одан әрі әдеби-музыкалық қойылымдармен жалғасып, мұнда барлық қатысушылар үшін салтанатты әрі патриоттық концерт ұсынылды. Әсіресе, Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы бойынша сахналанған қойылым көрермендердің көңілінен шықты. Надежда ауылының оқушылары мен студенттері кезек-кезек Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін жатқа оқыса, Надежда орта мектебінің мұғалімдері Отан, Туған жер туралы әндер шырқады. Содан кейін барлық кітапсүйер қауым мерекелік фотоаймаққа ат басын біреп, естелік суреттерге түсіп, мәз-мәйрам болды. Мереке басталғаннан аяқталғанша дейін «Еркін микрофон» және «Тілектер ағашы» алаңдары жұмыс істеп, кез келген адам микрофон алып, ән салып, тілек айтуға мүмкіндік алды. Осылайша, естен кетпес әсер алған қонақтар көтеріңкі көңіл-күймен тарасты.

**Гүлден ЕЛУБАЕВА,**
**Надежка ауылының кітапханашысы.**

ЖАС ТҮЛЕК 2024



# АҚ ЖОЛ, ЖАС ТҮЛЕК!

***Жыл сайын мектеп түлектері үкілеген үміттерін арқалап, мектеп қабырғасынан ұшып, үлкен өмірге жолдама алып жатады. Мектеп түлектеріне жалпы орта білім туралы аттестат тапсыру салтанатты жиыны - алаңсыз өмірдің артта қалып, алда жаңа өмір жолының басталатынын хабарлайды. Бұл салтанатты мереке білім нәрімен сусындатқан алтын ұя мектеппен қоштасу сәті.***

Биылғы оқу жылында Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепті 10 жас түлек аяқтап отыр. «Сәт сапар, жас түлек!» атты мектеп бітіру рәсімі салтанатты түрде аталып өтті. Бұл салтанатты жиынға аудандық білім бөлімінің әдіскері, аудандық полиция бөлімінің қызметкері, ата-аналар және мектеп ұстаздары қатысты. Мектеп директоры жас түлектерді құттықтап, салтанатты түрде аттестаттарын табыстады.

2023-2024 оқу жылы мектеп өмірінде үлкен жетістіктерімен есте қалатынжылболды.Соныңбірдәлелі жас түлегіміз Қалдырова Айсара мектепті «Алтын белгі» белгісімен аяқтап отыр. Оқушымызға осы «Алтын белгі» төсбелгісін тағу құрметі аудандық білім бөлімінің әдіскері Гүлмира Молдабайқызы Дунбаеваға табысталды. Гүлмира Молдабайқызы мектеп ұстаздарын құттықтай отырып, Калдырова Айсараға «Алтын белгі» төсбелгісін тақты және аудандық білім бөлімі басшысының м.а. Талғат Болатұлы Қарабаевтың Алғыс хатымен марапаттады. «Білім және ғылым қызметкерлерінің Қазақстан салалық кәсіптік одағының СҚО ұйымы» ҚБ Мағжан Жұмабаев аудандық комитеті филиалының төрайымы Надежда Пащенконың атынан Айсараның ата-анасына Алғыс хат табыс етілді. Сондай-ақ жас түлектердің ата-аналарына мектеп директорының атынан Алғыс хаттар табысталды.

Салтанатты жиынның соңында жас түлектер, атап айтсам, Баймұратова Жазира, Қалдырова Айсара, Рамазанова Саягүл алтын ұя мектебіне, аяулы ұстаздарына деген жылы лебіздерін білдіріп, ұстаздардың ұшан-теңіз еңбектері үшін шексіз алғыстарын жеткізді.

Құрметті түлектер, Сіздерге үлкен өмірге қадам басқан қуанышты күндеріңмен құттықтап, сәт сапар тілеймін!

**Дәмежан ЫСҚАҚОВА,**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.**

23 МАУСЫМ - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІ

# БІР ҚАДАМ АЛДА ЖҮРЕТІН ІСКЕР БАСШЫ

**Кез келген елдің мемлекеттік қызметшілері адал және тиімді қызмет атқарып, қорытындылай келгенде, мемлекеттің қалыптасуына және дамуына әсер етеді. Мемлекеттік қызметші - өз еліндегі тікелей міндеттерін орындаудан басқа, отбасында, қоршаған ортаға, адамдармен ортақ тіл табысуға және айналасына үлгі болуға тиіс. Қазақстанда 23 маусым – Мемлекеттік қызметші күні кеңінен аталып өтеді. Осыған орай, біз ауданда көп жыл бойы адал еңбек етіп, мемлекеттік қызметтегі абыройлы да іскер басшылардың бірі әрі бірегейі Сәуле Еркінқызы Нұрқайдарова жайлы сөз етеміз.**



Мінезі өте сабырлы, парасатты адамгершілік қасиеті сыртқы мәдениеті мен ішкі жан дүниесі жарасқан, айналасындағыларға әрқашан қолдау көрсетуге дайын тұратын Сәуле Еркінқызын ауданнан бөлек, облыс жұртшылығы да жақсы таниды. Өйткені ол өте жан-жақты, кез келген ортада тез тіл табыса білетін, жауапкершіліктен қорықпайтын қайсар жан. Бұл көбінесе, көпбалалы отбасында дүниеге келіп, тәрбие алған адамдарға тән қасиет.

Еркін Мәжікұлы мен Шолпан Тұрашқызының көпбалалы жанұясында өмір есігін ашқан кейіпкеріміз жеті баланың ішіндегі үшіншісі. Ол 1970 жылы қарашаның 19-шы жұлдызында Хлеборобное (қазір – Достық) ауылында дүниеге келген. Ауылдағы сегізжылдық мектепті тәмамдап, Петропавл қаласындағы К. Ушинский атындағы педагогикалық училищесіне оқуға түседі. 1990 жылы бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша диплом алған жас маман туған ауылына оралып, 15 жылдай мектепте бала тәрбиесімен айналысады. Ұстаздық қызметпен қатар, оның директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымын атқарған бай тәжірибесі бар. Ол жылдары мәдени-рухани шаралардың барлығы білім ордасында өтетін белгілі. Содан болар, сөз етіп отырған басшының ұйымдастырушылық, адамгершілік, жауапкершілік сияқты қасиеттері осы уақытта шыңдалған сияқты.

Тек 2005 жылы ғана Сәуле Еркінқызы Булаев қаласына көшіп, арнайы конкурсқа қатысып, тестілеуден сәтті өтіп барып, мемлекеттік қызметке орналасады. Осы кезден бастап оның абыройлы мемлекеттік қызметі басталады. Алдымен ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы лауазымына тағайындалған мемлекеттік қызметші өзіне жүктелген тапсырмаларды жоғары деңгейде орындап, өзінен үлкен әрі тәжірибесі мол әріптестерінен тәлім-тәрбие алуды мақсат тұтты. Соның арқасында жыл қорытындысы бойынша әлеуметтік саладағы үздік маман атағын иеленіп, аудан басшылығының көзіне түседі.

Сөйтіп, 2009 жылы аудан әкімі Айдарбек Сапаров болашағы зор маманды мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы лауазымына тағайындайды. 2010 жылы әкімдік аталған бөлімге дене шынықтыру және спорт бөлімін қосып, Сәуле Еркінқызы өзіне жүктелген ауыр жүкті нәзік иығымен көтеріп қана қоймай, бірден іске кірісіп, аталмыш салаларды одан әрі дамытуға бел буады. «Бұлақ көрсең, көзін аш» демекші, жас спортшылар мен таланттарды қолдап, талайына жол ашқаны жасырын емес. Республикалық және облыстық фестивальдер мен байқауларда ұжым болып аудан намысын абыроймен қорғап, өзі де белсене қатысып, жеңіспен оралған сәттер ел есінде.

Мәселен, «Ақ бидай - 2011» облыстық жазғы спорт мерекесінде басшы бола тұра, дойбы бойынша жарысқа қатысып, аудан құрамасы алтыннан алқа тағынған. Оған қоса, 2011 жылдың 27-31 шілдесі аралығында Астанада өткен «Қараөткел-2011» атты Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені жетістіктерінің V республикалық жәрмеңкесінің қорытындысы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы «Үздік павильон», «Үздік киіз үй» және «Үздік салт-дәстүр» номинациялары бойынша 1 орынға ие болды. Сол республика көлеміндегі шарада киіз үйді Сәуле Еркінқызы басқарып барған аудан делегациясы құрғанын біреу білсе, біреу білмес. Бұл әрине, бір ғана адамның қолынан келмейтін іс. Оның артында сала мамандары мен идеялас әріптестері тұрғаны айдан анық. Дегенмен, ұжымды жанына топтастырып, бір мақсатқа жетелеп ұйымдастыру кез келген басшының қолынан келе бермейді.

- Мен мемлекеттік қызметте жақсы адамдарды кездестіргеніме қуаныштымын. Әсіресе, аға буын өкілдері ақыл-кеңес айтып, оған мен өз ойларымды қосып, жаңаша бір дүниелер өткізуді көздедім. Мысалы, аудан көлемінде өткен спорт мерекелері мен мәдени іс-шараларды тек аудан орталығында ғана емес, ауылдарда өткізуді дәстүрге айналдыра бастадық. Осыған орай, ауылдағы мәдениет пен спорт нысандары біраз жөндеуден өтіп, халық игілігі үшін қайтадан есіктерін айқара аша бастады. Әр округте ұлттық-мәдени бірлестіктер ашылып, сазды-аспапты топтар құрыла бастады. Жаңа өнерлі ұжымдар пайда болды. Қарағанды, Молодогвардейское, Ұзынкөл, Қарақоға, Советское сияқты елді мекеннің тұрғындары осыған куә, - дейді мәдениет саласының мемлекеттік қызметшісі.

Сәуле Еркінқызы 2013-2015 жылдары мемлекеттік қызметтен үзіліс алып, Медвежка ауылындағы орта мектебін басқарады. Осы екі жыл ішінде білім ордасы жаңа леп алғандай болды. Ұжым мен оқушылар жақсы қырынан көрініп, аудандық және облыстық байқауларға қатысып, бақтарын сынады. Мектеп маңайы абаттандырылып, оның жанынан жаңа хоккей алаңы салынып, балалардың сапалы білім алуымен қатар, салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылдануына жағдай жасалды.

2015 жылы қайта мемлекеттік қызметке оралған кейіпкеріміз ішкі саясат бөліміне жетекшілік етеді. Аудандағы ішкі саясатты жүргізуге атсалысып, Президенттің, Үкіметтің, облыс және аудан әкімдерінің қызметін жергілікті жерлерде сәтті жүзеге асыруға қызмет етеді. 2020 жылы ішкі саясат бөліміне мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі қосылып, тағы да оған басшы ретінде тағайындалады.

Сәуле ханым ауданда өткен атақты жерлесіміз, қазақтың біртуар азаматы, педагог, аудармашы Мағжан Жұмабаевтың мерейтойларына белсене қатысып, бел ортасында жүрді. Оның ұйымдастыруымен өтетін облыстық және аудандық кез келген іс-шара алдыңғысына ұқсамай, өзгеше өтетіні әлі күнге дейін жұртшылықты тамсандырып келетіні сөзсіз. Мағжан Жұмабаев ауданы шекаралық аймақ болғандықтан ауданға Халықаралық, республикалық деңгейдегі түрлі делегациялар ат басын тірейді. Осының бәрінің басы-қасында өзінің сенімді ұжымымен Сәуле Еркінқызы намысқа тырысып жүреді.

Қазір ауданда 65 мәдениет мекемесі бар, соның ішінде 38 кітапхана, 25 клубтық ошақ және 2 музей. Соңғы жылдары облыс және аудан әкімдерінің қолдауының арқасында қомақты қаражаттар бөлініп, мәдениет нысандары күрделі жөндеулерден өтті.

Бөлім жанынан қызмет атқаратын жастар ресурстық орталығы облыстағы үздік жастар ұйымы саналады. Жас мағжандықтар мен колледж студенттері облыстық және аудандық дебаттарға белсене қатысып, орталық мектептермен тығыз байланыста. «Жасыл ел» бағдарламасына қатысушы жастар аудан аумағын абаттандыруға атсалысып, волонтерлер ерекше қызмет атқаруда.

Сәуле Еркінқызының қажымас қайраты, қайтпас мінезі, адамгершілік әрі ұйымдастырушылық қасиеті ауданда көптеген мәдени-саяси-рухани дүниелерді сәтті іске асыруға себеп болып келеді. Қызы Нария да, күйеу баласы Дамир де ауданда әр салада қызмет етіп, ауданның дамуына өз үлестерін қосуда. Ендеше, Мақсат пен Жанат атты жиендердің қызық-қуанышын көріп отырған Сәуле ханымға төл мереке қарсаңында мықты денсаулық, мол бақыт, таусылмас күш-қуат, қызметте табыс тілейміз.

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**

23 МАУСЫМ - ПОЛИЦИЯ КҮНІ

# АДАЛ ЕҢБЕК – ТАБЫСҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

**Дамыған мемлекеттің негізгі қозғаушы тетігі – жоспарлы саясаты мен нақты қадамдарын жүзеге асырушы мемлекеттік қызметкер болып табылады. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – жауапты іс. Мемлекеттік қызметші - іскерлік дағды қалыптастырған еліміздің ең маңызды идеяларының бастаушысы.**



23 маусым – Мемлекеттік қызметкер және Полиция күні мерекелеріне орай, көп жыл бойы мемлекеттік қызметте жүрген біздің мектеп оқушысының ата-анасы, қамқоршылар кеңесінің мүшесі - Ерген Халелұлы Әбішев. Ол өзінің жауапкершілігінің арқасында ұлы мақсат жолындағы идеялар мен саясатты іске асырып, мектептегі әртүрлі мәселерлерді шешуге атсалысатын ата-ана.

Халқымызда «Жемісті жұмыс жаныңды жадыратады» деген қанатты сөз бар. Қашан да беделі биік, мақсаты айқын мемлекеттік қызметшінің басты міндеті туған Отаны мен халқына адал қызмет етумен айқындалады. Сондықтан Ерген Әбішевтің атқарған жұмысы бен алға қойған міндеттері сәтті іске ассын дейміз. Бүгінгі кәсіби мерекеде Ерген Халелұлына зор денсаулық, отбасына амандық, халыққа қызмет ету жолындағы адал еңбегіне табыс тілейміз!

**Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп.**

***Жыл сайын 23 маусым күні Қазақстан Республикасының полиция күні мейрамы атап өтіледі. Бүгін Қазақстан полициясының құрылеанына 32 жыл болды. 1992 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесімен «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары» туралы Заңы қабылданды. Бұл Қазақстан полициясының істері мен қызметін анықтайтын бірінші актісі болып саналатын. 2007 жылы Мемлекет басшысының жарлығы бойынша 23 маусым полиция күні деп ресми түрде бекітілді.***

# КЕЗЕКШІ БӨЛІМ – ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ ЖҮРЕГІ

Қазақстан полициясы күні – осы жауапты қызметті жолға қоюдың басы-қасында болғандарға, ардагерлерге және бүгінде осы қатарда еңбек етіп жүргендерге ризашылық пен алғыс сезімдерін білдіру күні. Сонымен қатар бұл күн бейбіт уақытта қазақстандықтардың тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін өз өмірлерін құрбан еткендерге құрмет көрсету күні болып та саналады.

Әрбір полиция бөліністері жұмысты кезекші бөлімнен бастайды. Кезекші бөлім қызметкерінің жедел әрекеті мен оның кәсіби қабілеті - қылмыстың ізін суытпай ашылуы, сондай-ақ адамның денсаулығы мен өмірін аман сақтауға септігін тигізеді. Сондықтан кезекші бөлімнің қызметі өте маңызды және басты назарда. Тағат таппайтын, сағат тілімен санаспайтын қызметте аянбай тер төгіп жүргендердің бірі - полиция майоры Дәурен Төлеу.

Дәурен Дулатұлы 1991 жылы 16 шілдеде Булаев қаласында дүниеге келген. 2009 жылы Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясын бітіріп, болашақ өмірін құқыққорғау органдарымен байланыстыруға бел буады.

Осылайша, ол қолына аттестат ала сала, Қарағанды қаласындағы Б.Бейсенов атындағы Академияға оқуға түседі. Төрт жыл оқып, «Жедел уәкіл» мамандығын иеленіп, туған қаласына оралады.

2013 жылы жас лейтенант бірден мамандығы бойынша қызметке орналасып, аудандық полиция бөлімінде еңбек жолын бастайды. 2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін полиция бөлімінің аға инспектор-кезекшісі лауазымын атқарып келеді. Дәурен жас та болса, жауапкершілігі мол офицер. Қазір біраз тәжірибе жинаған полицей.



- Кезекші бөлім - полиция бөлімінің жүрегі дейді ғой. Сондықтан полиция бөлімінің кезекші бөлімін денедегі негізгі рөл атқаратын орталық органмен - жүрекпен салыстыруға болады. Адамға полиция қызметкерлерінің шұғыл көмегі қажет болғанда, ол телефонын алып, бірден «102» нөмірін тереді. Яғни бізден көмек сұрайды. Сол себепті, біздің қызмет аса маңызды, - дейді Дәурен Төлеу.

Шынымен де, кезекші бөлімге әртүрлі адамдар жүгінеді. Тәулік бойы түскен арыздар мен шағымдар кезекші бөлімде тіркеледі, қажет болған жағдайда оқиға орнына кезекші жедел-тергеу тобы жөнелтіледі. Қазіргі таңда жиі кездесетіні - ұрлық, жол-көлік оқиғасы, ұсақ бұзақылық, отбасылық жан-жал, интернет-алаяқтық, есірткінің айналымындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Бірақ, қандай ақпарат болса да оған кезекші бөлім қызметкері уақытылы ден қояды.

Аса жауапты істі спортпен ұштастыра білген Дәурен футболмен, волейболмен және шайбалы хоккеймен айналысады. Облыстық полиция департаменті сапында да өнер көрсетіп, республикалық жарыста жеңіске жеткен сақшы. Онымен қоса, полиция бөлімінің намысын абыроймен қорған облыстық және аудандық футбол мен волейбол жарыстарында жеңіске жетіп, үнемі жүлдегерлер қатарынан көрініп жүр.

Дәурен зайыбы Василисамен бірге Тамила, Думан және Кәрім есімді балалар тәрбиелеп, волонтерлік істі серік етеді. Мәселен, «Счастливые глаза» еркін бірлестіктің бастамашысы ретінде бұл жанұя мереке күндері Полудин үйінде орналасқан балалар үйіне барып, тегін мерекелік іс-шаралар ұйымдастырады. Осындай жаны жомарт жандар 2021 жылы «Үздік жас отбасы» облыстық байқауының жеңімпазы атанады. Сондай-ақ сол жылы облыста «Birgemiz» жалпыұлттық волонтерлік қозғалысының дамуына қосқан үлесі үшін Алғыс хатпен марапатталды.

Полиция қызметінің қымқуыттылығына біз кезекші бөлімде болған жарты сағат ішінде көз жеткіздік. Жергілікті тұрғындар қандай да бір қиындыққа немесе кедергіге тап болғанда, тез арада полициядан араша сұрап, арқа сүйейді. Бұдан халықтың таудай сенімін арқалап, қорған болып жүрген полиция қызметкерлерінің еңбегі орасан екені белгілі болады. Біз мағжандық полицейлерге қажымас қайрат пен таусылмас күш-қуат және жұмыстарына сәттіліктер тілейміз.

**Еркін ТӨЛЕГЕН.**

24 МАУСЫМ - СУДЬЯЛАР МЕН СОТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

# СОТ ҚЫЗМЕТІ – ЖАУАПТЫ САЛА

**Қазақстанда 24 маусым күні - Судья және сот қызметкері күні мерекесі аталып өтеді. Бұл күн кездейсоқ таңдалған жоқ, тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылы 24 маусымда алғаш рет «Қазақ КСР сот құрылымы туралы» Заңына түзетулер енгізілді. Ол Жоғарғы сотпен, облыстық, қалалық, аудандық және қайта құрылған әскери соттармен әділ сотты жүзеге асыруды бекітті. Қабылдаған күннен бастап 30 жыл ішінде сот жүйесі бірнеше реформалар мен жаңғыртуларды өтті. Ең үздік әлемдік стандарттарға жауап беретін заман талабына сай сот сот жүйесін құру жолында сіз бен біз де өз үлестерімізді қосып жатырмыз. Жаңа заңдар шенеуніктердің теріс пайдалануынан адамдар мен бизнестің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейтіп, сот төрелігі мен судья кадрларының сапасын арттыруға жағдай жасайды, сот билігі мен судьялардың өздерінің тәуелсіздігін нығайтты.**



Мағжан Жұмабаев ауданының соты барлық санаттағы істер мен материалдар қаралатын жалпы юрисдикциялы сот болып табылады. Сотта 16 адам қызмет атқарады: сот төрағасы Нағайбаев М.Ө., судья Валитова В.В., әкімшінің басшысы Жүкенов Қ.Е., бас мамандар Төшімова Р.С., Мендібаева Н.Н., Мұқышева К.Р., сот отырысының хатшылары Әлдикенова Д.В., Ерғалиев Ф.З., аға сот приставы Амангелдинова Ж.Э., іс жүргізу жөніндегі инспектор Қабидулова А.С., жүргізуші Әубәкіров Р.У., аула сыпырушы Әміренов М.Қ., қызметтік үй-жайды тазалаушы Әлсейітова Ж.О., күзетшілер Мұқышев Т.Т, Байбосынов Б.К., Мұқышев Ж.Т.

Әрбір қызметкерге лауазымдық нұсқаулықта жазылған міндеттер бекітілген. Мәселен, судьялар сот төрелігін жүзеге асырады, басшы – сот жұмысын жалпы бақылау және ұйымдастыру, сот статистикасын жүргізу, жоспарлы іс-шараларды орындау, бас мамандар – барлық кіріс хат-хабарларды тіркеу, сот актілерінің орындаулын бақылау, ескертулерді жіберу, сот отырысының хатшылары – сот процестерін ұйымдастыру, тараптарды хабардар ету, аға сот приставы – судьяларды және сот процесіне қатысатын өзге де адамдарды күзетуді жүзеге асыру, іс жүргізу жөніндегі инспектор – поштаны қабылдау және жөнелту.

Қазақстандық соттарда өз бетінше жұмыс істейтін негізгі электрондық сервистердің бірі – «Сот кабинеті». Бұл сервис кез келген сотқа шағымды элетронды нұсқада қашықтықтан жіберуге мүмкіндік береді. Барлық сот отырыстары аудио-бейне жазу арқылы өткізіледі, яғни әрбір сот отырысы жазылады. Сонымен қатар, процеске қатысушы қандай да бір себептермен сот отырысына келе алмаса, «WhatsApp», «Zoom», «TrueConf» мобильді қосымшалары арқылы қашықтан қатысу мүмкіндігі бар. Бұл азаматтарға уақыт пен қаржы шығындарын айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта сот ғимаратын жөндеу, еденді, төбені ауыстыру және ішкі қабырға қаптамасын ауыстыру жұмыстары жүргізілуде, бұл жалпы сот жұмысына оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Жыл басынан бері аудандық сот 129 азаматтық істі, 19 қылмыстық істі, 305 әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі, 286 материалды қарады.

Сот жүйесі - бұл мемлекет пен азаматтардың конституциялық құқықтары сақталуының кепілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Барлық деңгейдегі соттар, шын мәнінде, тәуелсіз, ашық және кәсіби болмаса, заң үстемдігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Мемлекет осыған орай ауқымды жұмыс жүргізуде» деген болатын. Шын мәнінде, қоғамда әділдік орнататын - сот жүйесі. Жаңа заңдар адамдар мен кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейтті. Сіздердің көп жылғы еңбектеріңіз оң бағаға лайық.

Біз сот қызметтерін тұтынушылар үшін сервисті дамыту, сот төрелігіне қолжетімділікті жеңілдету, оны цифрландыру және роботтандыру бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Судья және сот қызметкері күні мерекесі оларды жүзеге асырудағы ынталандыру болатынына сенімдіміз. Сіздерге кәсіби мерекеде мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, қызметтеріңізге жетістіктер тілейміз.

**Мағжан Жұмабаев ауданының соты.**

25 МАУСЫМ - МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТУЫЛҒАН КҮНІ

# МАҒЖАН – ЕЛ ЕСІНДЕ



Мағжан Бекенұлы Жұмабаев 1893 жылы 25 маусымда Ақмола губерниясы Петропавл уезінің Полудин болысында (қазіргі кезде М.Жұмабаев ауданы Сарытомар ауылы) айдыны айдай жарқырап жатқан Сасықкөлдің жағасында қалың орманның жиегіне салынған үйде дәулетті Бекен болыстың отбасында дүниеге келген. Төрт жасында ауыл мұғалімі Ахиеддин Ахановтан хат танып, сауатын ашқан. 1905 жылы Қызылжардағы «Шалақазақ» медресесіне оқуға түседі. Медреседе араб, парсы, түрік, татар тілдерін еркін меңгеріп, сол тілдегі әдебиетпен де шұғылдана бастайды. Медресені 17 жасында жақсы үлгеріммен аяқтап, 1910 жылы Уфадағы «Ғалия медресеге» оқуға түседі. Медресе дәрежесі жағынан жоғары оқу орны болып саналатын. Мағжан медреседе сабақ беретін татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовпен, медресе жетекшісі С.Жантуринмен, жазушы Б.Майлинмен танысады.

Болашақ ақын талантын таныған Ғалымжан Ибрагимов Мағжанның өлеңдерін баспаға беріп, 1912 жылы Қазанда «Шолпан» деген атпен тұңғыш жинағы басылып шығады. Мағжанның бұл өлеңдер жинағы өзіндік лирикасымен, жаңа өрнегімен көзге түседі. Осы кезден бастап жас дарынның есімі тек қазақ оқырмандарына ғана емес, татар, башқұрт, түркі тілдес халықтарға танымал бола бастайды. Қазақ елінің көгінде шын мәнінде Шолпандай жарқыраған бір жарық жұлдыздың туғаны күмәнсіз еді. Мағжанның бұл кітабы қазақ поэзиясында 1909 жылы шыққан Абай жинағының жалғасындай әсер етті. Мағжан бір жарым жылдай оқып, Қызылжарға келіп, белгілі қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтан орыс тілін үйренеді. 1913 жылы Мағжан Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатовтың ықпалымен Омбыға барып, Омбының мұғалімдер семинариясына оқуға түседі. Семинария қабырғасында Сәкен Сейфуллинмен танысады. Семинарияда үздік оқитын қазақ балаларына арналған «Потанин қорынан» стипендия алып тұрады. Семинарияны алтын медальмен аяқтап, Омбыда қазақ мектептері үшін қайта даярлау курсын ұйымдастырып, курста директор қызметін атқарады. 1922 жылы Ташкент қаласына келіп, Ағарту институтында еңбек етеді.

Ташкент кезеңі шығармашылық жолының ең нәтижелі кезі еді. Осы кезде қалың қауымға танымал «Батыр Баян» поэмасы, 1922 жылы «Педагогика» атты ғылыми еңбегі, прозалық шығармасы «Шолпанның күнәсі», «Түркістан», 1923 жылы «Өлеңдер жинағы» жарыққа басылып шығады. Кітаптың кіріспе сөзін жолдасы, Түркістан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің хатшысы Сұлтанбек Қожанов жазды. 1923 жылы Ташкенттен Мәскеуге келіп профессор Брюсов басқарған Жоғары Әдебиет Көркемөнер институтына оқуға түсіп, әрі сонда Шығыс Еңбекшілерінің Коммунистік университетінде қызмет атқарады. 1929 жылы Мәскеуден Қызылжарға келіп, советпартия мектебінде қызмет атқарып, педтехникумда сабақ береді.

1929 жылы шілде айында тұтқынға алынып, 1921 жылы жасырын «Алқа» тобын ұйымдастырушы деген кінә тағылып, он жылға сотталып, Карелия ормандарында өтеген. Максим Горькийдің әйелі Пешкованың көмегімен 1936 жылы мерзімінен ерте босатылды. Петропавлға келген ақын Пушкин атындағы мектепте орыс тілі мен орыс әдебиетінен сабақ береді. Көп ұзамай тағы да қуғындыққа салынып жұмыстан босатылады. Мағжан Алматыға келіп өлкетану мұражайында, Алматы ауданында бір колхозда медпункт меңгерушісі болып жұмыс істейді. Қайда жұмыс істесе де Мағжан қуғыннан көз ашпайды, жазушылар одағына да алмайды, қуғын күн сайын күшейе түседі. 1937 жылы 30 желтоқсанда Мағжан тағы да тұтқынға алынып, «Жапонияның тыңшысы» деген айып тағылып, өлім жазасына бұйырады. 1938 жылы 19 наурызда ақиық ақын Мағжан Бекенұлы Жұмабаев атылады. Өзі де, өлеңі де тауқымет жолын көп кешкен ұшқыр қияға толы өлең дүниесін кейінгі жастарға аманат етіп қалдырған ақын – Мағжан Жұмабаев мерт болды.

«Ер жігіттің артынан сөз ереді» дегендей 1989 жылы алғашқы басылымдар баспадан шыға бастады. Осы жылы Көжекпаев Ерік Қаскейұлының қолдауымен Сарытомар орта мектебінің бір бөлмесінен Мағжан Жұмабаевқа арнап музей ашылды. 1993 жылы бал қарағайдан төрт бөлмеден тұратын музей салынды. 1993 жылы ақиық ақын сағыныш сезіммен жырлаған Сасықкөлдің жанындағы ата-қоныстың маңына, сұлу табиғатпен үндескен жерге жақпартас қойылды. Осы жылы мүсінші, Ақмола қаласының тумасы Азат Хамбетұлы Баярлиннің жасаған Мағжан Жұмабаев ескерткіші кеңшар орталығына орнатылды. Ақынның 110 жыл толуына байланысты, жұртшылық тілегін ескере отыра, бұл ескерткіш Мағжан Жұмабаев музейінің қасына көшірілді. 2008 жылы тұрғындардың және зиялы қауымның ұсыныстарын ескере отыра, музейдің дәрежесін көтеру ұйғарылып, музей Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігі мен Мәдениет және ақпарат министрлігінің қарамағына алынып, коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын болып тіркелді.

Музей күрделі жөндеуден өтіп, заман талабына сай экспозициалық және мемориалдық залдар жаңартылып, Мағжан Жұмабаевтың 115 жылдығына орай 2008 жылы 21 маусымда қайта жаңартылған «Мағжан Жұмабаев музейі» салтанатты түрде ашылды. Экспозициялық залда ақынның 1922 жылы Ташкентте басылып шыққан «Педагогика» кітабын, Омбы қаласындағы Мұғалімдер семинариясының 1914-16 жылдардағы бір сыныптан екінші сыныпқа көшу хаттамаларын, Мағжанның 1920-22 жылдары жұмыс істеген кездерін куәландыратын құжаттарды, 1922 жылы 20 тамызда Көкшетау болысына барғанда жазған баяндамасы көрсетілген.

Музейге әкеліп тапсырған жәдігерлердің ішінде ең құнды да қымбаттысы 1923 жылы Ташкент қаласында басылып шыққан «Өлеңдер жинағы». Зылиха ханым 70 жыл сақтап ақынның төл музейінен орын алу керектігін, оның тұрақты мекені ақынның туған жеріндегі музей деп шешіп сыйға табыс етті. Мағжанның алғашқы «Шолпан» кітабының көшірмесін 2020 жылы сәті түсіп Сәуле Зейноллақызы Мәлікова музейге сыйға тартқан болатын. Мағжан бабамыздың 125 жылдығына орай Қазан қаласындағы архивтен сапармен барғанда Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архив директоры әкелген екен.

Мағжанның әкесі болыс болған, сондықтан музейде болыстардың үстелін, 1932 жылғы патефонды тамашалауға мүмкіндік бар. Сондай-ақ мұнда Бекен әулетінен сақталған 1929 жылғы қара керует пен сырмақ орналасқан. Керует Қақабаевтар отбасында сақталып, 1993 жылы реставрациядан өтіп, 1993 жылы Қақабаев Елтай табыс еткен. Зылиханың былғарыдан тігілген мәсісі, бөртпе шәлісі, Мағжанның атасы Жұмабай қажы болған адам, қажылыққа барғанда әкелінген, 1898 жылы Қазан баспасында басылған, көне Құран кітап және Жұмабаевтар әулеті тапсырған жайнамаз да музей төрінен орын алған.

Музейге келушілер ақынның өмірбаянымен, өскен ортасымен, шығармашылығымен таныса алады. Ақын жайлы жылы лебіздерді оқуға мүмкіндік бар. Ұлтын, Отанын, тілін, мәдениетін сүйер ұрпақ тәрбиелеуде музей үлкен тәрбие ошағы болып табылады. Музей «Мағжан ел есінде» атты жобаның жұмысын жүргізуде. Біз өмір сүріп отырған кезең Мағжанның атын әуелетіп, оның даңқын алты алашқа қайта жайып, Мағжан жұлдызының қайта жанған шағы. Осы жұлдыз енді сөнбей жарқырай жана берсін. Мағжан бабамыз туған мекенінде туып, өсіп, білім алып, еліміздің көркейіп және гүлдену жолында өз үлесімді қосып, ақиық ақын музейінде еңбек етіп, Мағжан шығармаларын Мағжан сенім артып кеткен жастарға, өскелең ұрпаққа насихаттап жүргеніме мақтан тұтамын. Әлі де ашылмаған, табылмаған сырлары көп. Музейге келем деушілерге есігіміз әрқашан да ашық. Мағжан өлеңдері жастарды елін, жерін сүюге шақырады, оларды жастарды тәрбиелейтін құрал ретінде пайдалану керек. Осы қуатты құралды Тәуелсіз Қазақстанның патриоттарын тәрбиелеуде мейлінше толық пайдалану біздің басты міндетіміз. Біз Мағжаннан үйрене отырып, Мағжан мұраларын оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланып, шығармаларының құндылығын, тәрбиелік мәнін насихаттау біздің борышымыз деп білемін.

Біз Мағжанмен мақтануымыз керек.

**Айгүл ЖҮНІСПАЕВА,**
**«Мағжан Жұмабаев музейі» филиалының директоры.**

МАМАН КЕҢЕСІ

# ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСІ – ЧИПТЕУ

**Үй жануарларын есепке алу ережелеріне және 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап есепке алынатын үй жануарларының тізіміне сәйкес, үй жануарларының иелері үй жануарларын есепке алуға міндетті.**



Үй жануарларын чиптеу - бұл шприцке ұқсас арнайы бір реттік аппликатормен чипті тері астына енгізуден тұратын күрделі процедура емес.

Чиптеу жануарларға жауапкершілікпен қарауға ықпал етеді және арнайы чиптерді қолдана отырып, жануарларды таңбалаудың қауіпсіз және заманауи әдістерінің бірі болып табылады. Чипті жануарға енгізу ауыртпалықсыз процедура болып табылады.

Чипте жеке 15 таңбалы цифрлық код бар және жануар мен оның иесі туралы ақпаратты сақтау үшін чиптелген жануарлардың электрондық дерекқорлары пайдаланылады. Он бес сандық ұяшық жануардың өмір бойы қауіпсіз және сенімді сәйкестендірілуіне, алдағы жүз жыл ішінде нөмірдің қайталанбауына кепілдік береді, ал биоүйлесімді әйнек микрочиптің көші-қон мүмкіндігін болдырмайды. Бұл дегеніміз, әр жануар өмір бойы сақталатын бірегей сәйкестендіру кодын ала алады, оны толықтыру немесе өзгерту мүмкін емес. Оның өзгермейтіндігі – микрочип нөмірлерінің жалған болмауының кепілі. Чиптен ақпаратты оқу саны шектелмейді. Микрочип қуат көзін қажет етпейді және өздігінен ештеңе шығармайды, тек сканермен белсендіріледі.

Үй жануарларын есепке алу ақылы негізде жүргізіледі, бір чиптің құны төрт мың теңгені құрайды. Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын есепке алу есепке алу қағидаларына сәйкес бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

**Евгени БУНКОВСКАЯ,**
**ветеринариялық дәрігер.**

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

# ҚАЗАҚСТАНДА 352 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛДЫ

***Осы жылы 1 маусымда 66,5 мың отбасындағы 352,2 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Биыл осы мақсатқа бюджеттен 60,8 млрд теңге қарастырылған.***

АӘК негізгі мақсаты – ақшалай төлем түрінде қолдауды жүзеге асыру және отбасының еңбекке қабілетті мүшелерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тарту арқылы отбасын қиын өмірлік жағдайдан шығару.

**АӘК мыналарды көздейді:**

- табысы өңірлік ең төмен күнкөріс деңгейінің 70% - нан аспайтын азаматтарға тоқсан сайын әлеуметтік көмек тағайындау;
- табысы аз отбасылардағы 1 жас пен 6 жас аралығындағы әр балаға 1,5 АЕК (5 538 теңге) мөлшерінде ай сайынғы қосымша төлем беру. 2024 жылғы 1 маусымда АӘК алушылар қатарынан мектеп жасына дейінгі 108,2 мың балаға 2,5 млрд теңге сомасына қосымша төлем тағайындалды;
- жұмысқа орналастыру, өз ісін ашуға ниетті отбасыларға гранттар беру, біліктілікті арттыру курстарына жіберу (қажет болған жағдайда) және өзге де шаралар арқылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу.



Қазіргі уақытта ел азаматтары АӘК тағайындауға өтінішті тұрғылықты жері бойынша мансап орталығында, ауыл округінің әкiмiне сондай-ақ Электрондық үкімет порталы (egov.kz) арқылы бере алады.

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

# МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯ ҰСЫНҒАН ЖАҢА ҚЫЗМЕТ КӨЛІКТІ ҚАЙТА ТІРКЕУ ПРОЦЕСІН ЖЕҢІЛДЕТЕДІ

**Бұған дейін көлік құралдарын қайта тіркеу үшін автокөлікті сатып алу-сатудың нотариалды куәландырылған шарты қажет болатын. Енді мамандандырылған ХҚКО қызметкері электрондық құжатты жүйеде қалыптастыра алады, ал сатушы мен сатып алушы eGov mobile қосымшасының көмегімен QR – код сканерлеу арқылы құжатқа қол қоя алатын болады.**



Айта кету керек, бұл қызмет «Азаматтарға арналған үкіметке» тиесілі. Бұл жаңашылдық қызмет алушылардың ыңғайлылығы мен жайлылығы үшін және көлік құралдарын тіркеу кезінде сыбайлас жемқорлықты жою мақсатында енгізілді. Енді Мемлекеттік корпорацияның, ҚР ІІМ және «ҰАТ» АҚ ақпараттық жүйелерінің ықпалдасуының нәтижесінде автокөлікті қайта ресімдеу процесі ашық болады. Мәмілені тіркеу кезінде жалған қол қою мүмкін емес.

Қызмет алушылар жүгінген кезде мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының операторы сатушы мен сатып алушы туралы, сондай-ақ көлік құралы жайлы мәліметтерді жүйеге енгізеді. Осыдан кейін жүйе автоматты түрде мәміленің электрондық жазбаша нысанын қалыптастырады және экранға QR код шығарылады. Оны сканерлегеннен кейін, автокөлікті сатушы және сатып алушы тараптар құжатпен танысып, оған ЭЦҚ көмегімен қол қоя алады.

Сондай-ақ, ұйымның мүдделерін білдіруге сенімхаты және ЭЦҚ пайдалану құқығы бар заңды тұлғалардың өкілдері үшін де бұл процесстің аналогы eGov business қосымшасы арқылы қолжетімді.

Осы тұста, көлік құралдарын қайта рәсімдеу кезінде мәміленің қағаз түріндегі жазбаша нысанын қабылдау ағымдағы жылдың 23 сәуірінде ҚР ІІМ көлік құралдарын тіркеу және есепке алу Қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгендіктен жойылғанын естеріңізге сала кетейік.

**«Азаматтарға арналған үкімет»**
**Мемлекеттік корпорациясы.**

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

# «ЕГЕР СІЗДІ ӨЛШЕП....»

***«Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің аумақтық бөлімшелеріне оны өткізу кезінде кез келген түрдегі қаптамадағы буып-түйілген өнімнің санына және сауда операцияларын жасау кезінде иеліктен шығарылатын өнімнің санына Мемлекеттік метрологиялық бақылау жүзеге асырылады.***

Бұл бақылауға оларды буып-түю және буып-түю тәсіліне, сондай-ақ иеліктен шығарылатын өнімнің мөлшеріне қарамастан, кез келген түрдегі (азық-түлік те, азық-түлік емес те) буып-түйілген тауарлар жатады.

Қарапайым сөзбен айтқанда, қаптамада, таңбалауда немесе тауар чегінде көрсетілген масса немесе көлем бірліктеріндегі көрсетілген тауар мөлшері қаптамадағы тауардың өзіне сәйкес келуі керек.

Тұтынушы мұндай фактілермен бетпе-бет келген шығар, егер ол қаптамадағы тауарлар таңбалауда көрсетілгеннен аз болса, өнімнің қаптамасында. Көптеген өндірушілер кейбір амалдарға жүгінеді, бұл өнімнің бірлігі үшін бұрынғы бағамен қаптамада көрсетілгеннен аз тауар тұтынушыға таныс қаптамаға салынған кезде. Мысалы, біз литрлік қаптамадағы «сүтке», литрлік тетрапакеттердегі «шырын өнімдеріне», 500 г әртүрлі «жартылай фабрикаттарға» және т. б. Шындығында, біз көптен бері «сүтті» бір литр емес, 900 мл, «шырындарды» – 950 мл, «жартылай фабрикаттарды» – 450 г және т.б. сатып алдық.

Бірақ тұтынушыны алдау арқылы өнімді әдейі есеп бермейтін өндірушілер де бар.

Белгіленген талаптарға сәйкес, егер тауардың қаптамасында, мысалы, тұтыну тауарының номиналды санын сипаттайтын 500 г, 1 кг, 1 л немесе басқа мәндер көрсетілсе, онда рұқсат етілген ауытқуларды ескере отырып, партияның орташа неттосы тауардың қаптамасында көрсетілгенге тең немесе одан асуы тиіс. Егер тауар партиясының әр қаптамасында тауардың өзі қаптамада көрсетілгеннен аз болса, онда бұл деп аталады тауарлардың пакеттердегі жүйелі салмағы. Қарапайым есептеулерді жасай отырып, өндірушінің немесе орауыштың өндірілетін, сатылатын өнім көлемін ескере отырып, қандай пайда алатынын есептеуге болады.

Тағы біреуі - сауда операциялары кезінде иеліктен шығарылатын өнімнің мөлшері. Біз тауарға келдік, бір немесе басқа өнімді өлшеуді сұраймыз, сатушы тауарды таразыға салып, бізге сатып алынған тауардың салмағы мен сомасын атайды. Бұл жағдайда өлшеу қателігі сіз тауарды жіберген өлшеу құралының қателігінен жоғары болмауы керек. Әйтпесе, бұл таразының ақауы немесе сатушының адам факторы, ол көп жағдайда тұтынушының пайдасына емес.

Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті кез келген түрдегі қаптамадағы (ФТУ) оралған тауарлардың санына Мемлекеттік метрологиялық бақылауды жүзеге асыру үшін «Sartorius» және «Schutt Labortechnik» неміс өндірушісінің МРК 6200 және АЕК-1 мобильді жұмыс жиынтықтарымен қамтамасыз етілген. Жұмыс жинақтары қажет болған жағдайда негізгі жинақты құра алады. Масса немесе көлем бірліктерінде таңбаланған ФТҚ кез келген партиясын тікелей өндірушіде, импорттаушының қоймасында немесе сатушының супермаркетінде тез тексеруге болады.



Әрбір сауда объектісі аккредиттелген (құзыреттілігін бағалаудан өткен) салыстырып тексеру зертханаларында аттестатталған салыстырып тексерушілер таразыларды жыл сайын міндетті тексеруді жүргізуі тиіс.

Заң талаптарын сақтамағаны үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 419-бабында жеке (30 АЕК) және заңды тұлғаларға (230 АЕК-тен 1 600 АЕК-ке дейін) айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Егер сіз салмақ салу, сенім білдірілмеген таразыларды қолдану, Бақылау таразыларының болмауы фактілеріне тап болсаңыз, «Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ-не хабарласыңыз, Петропавл қ., Ульянов к-сі, 56, тел.: 52-74-97, e-mail: gosnadzor_sko@mail.ru немесе e-otinish порталы арқылы.

# «ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРДЫ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМА ШЕҢБЕРІНДЕ ІСКЕ АСЫРУ»

***«Бағалы металдар мен асыл тастар туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 444-V Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.***



Қазақстан Республикасының аумағында зергерлік және басқа да бұйымдарды сынамалық таңбасы, сондай-ақ зергерлік және басқа да бұйымдарды өндіру субъектісі өзінің барлық зергерлік және басқа да бұйымдарына қоятын атаулы таңба бедерпісіз өткізуге жол берілмейді.

Зергерлік және басқа да бұйымдар уәкілетті ұйымдардың кодтары бар Қазақстан Республикасының біріңғай сынамалық таңбасымен таңбаланады. Зергерлік және басқа да бұйымдарға ендірме ретінде қолдан жасалған материалдарды пайдаланған кезде жапсырмаларда осы тастың бағалы емес екендігі туралы ақпарат көрсетілуге тиіс.

Департамент тарапынан мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы жоспардан тыс тексеру және профилактикалық бақылау және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай Профилактикалық бақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша Департамент анықтаған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру және бақылау субъектісіне әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

Қазақстан Республикасының Бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу жөніндегі заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 190-1-бабында әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Толық ақпаратты «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ-нен алуға болады. Біздің мекен-жайымыз: Петропавл қ., Ульянов к-сі, 56. Тел.: 8 (715 2) 52-74-97, e-mail: gosnadzor_sko@mail.ru.

**Екатерина ПАРШИНА,**
**ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша департаментінің бас маманы, СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.**

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

# БАЛА ҰРЛАҒАНДАР 10 ЖЫЛДАН 15 ЖЫЛҒА ДЕЙІН БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРЫЛАДЫ

***15 маусымнан бастап әйел құқығы мен бала қауіпсіздігіне бағытталған заң күшіне енді. Осылайша жасөсірімдерге буллинг жасағандар мен суицидке итермелегендер үшін жаза күшейтілді.***



Балаға аса қатігездікпен қол көтерген ата-ана да жауапқа тартылады.

Отбасындағы зорлықтан әйелмен бірге балалар да зардап шегеді. Ресми статистикамен айтайық. Құқық қорғау органдарына түскен арыздардың негізінде былтыр 2 жарым мың бала үйде жапа шеккен.

7 бала агрессордың қолынан көз жұмған. Президент қол қойған заң бойынша, енді өз баласын аса қатігездікпен ұрып-соққандар үшін жаза қатаңдатылды.

Құжатқа сәйкес, агрессор 2 жылға дейін қамалуы мүмкін. Баланың алған жарақатына байланысты жаза мерзімі де ұзарады. Дегенмен, бұл қол көтергеннің бәрі ата-ана құқығынан айырылады дегенді білдірмейді. Бұл қасақана жасалған қылмысқа ғана қолданылады. Ал шешімді тек сот шығарады. Онда баланың мүддесі міндетті түрде ескеріледі. Біреудің баласын қорлап, буллинг жасағандар үшін де алғаш рет әкімшілік жауапкершілік енгізілді.

Буллинг немесе кибербуллингке 16 жасқа дейін жасөспірім барса, оның ата-анасына 37 мың теңгеге жуық айыппұл салынады. Тағы қайталаса, 110 мың теңге төлейді. Әлеуметтік желіде түрлі күмәнді ақпарат таратып, баланы суицидке итермегендер де қылмыстық жауапқа тартылады.

Олар 5 жылдан 9 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Жаңа заңда кәмілет жасына толмағандарды зорлағандар мен өлтіргендерге де қылмыстық жаза күшейтілді.

Бұрын педофилдер өмір бойына немесе 20 жылға дейін сотталса, енді тек өмір бойына бас бостандығынан айырылады. Озбырлық жасағандарға ата-анасымен татуласуға мүмкіндік берілмейді. Ал бала ұрлағандар 10 жылдан 15 жылға дейін қамалады.

Бұдан бөлек, «жолақы төлемедің» деп оқушыны автобустан түсіріп кететіндер 19 мың теңге айыппұл төлейді. Бала қауіпсіздігі үшін жазғы лагерь, сауықтыру орталықтары сынды мекемелердің барлығы еш ескертусіз тексеріледі. Сондай-ақ, лагерьлер лицензия алуға міндеттеледі. Заңдағы баптар 15 маусымнан күшіне енді.

# ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ ЗИЯНДЫ ЖҰМЫСТА ІСТЕЙТІНДЕР ҮШІН АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ

**Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шеңберінде еңбек жағдайлары зиянды жұмыста ұзақ уақыт бойы істейтін адамдарды әлеуметтік қорғау деңгейін арттыру үшін 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы әлеуметтік төлем енгізілді.**

Арнаулы әлеуметтік төлемдерді тағайындаудың міндетті шарттары мынадай: 55 жасқа толу және БЖЗҚ-да кемінде 7 жыл кәсіптік зейнетақы аударымдарының болуы.

Арнаулы әлеуметтік төлем бірнеше компоненттен тұрады және төрт қаражат көзінен жүзегеасырылады: республикалық бюджеттен 2 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде арнаулы кәсіптік жәрдемақы; өмірді сақтандыру жөніндегі компаниялардан 1 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде; жұмыс берушілердің қаражаты есебінен 1 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде, БЖЗҚ-дан міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен. Бұдан басқа, жұмыскерлерге БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарын ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналары есебінен төлемдер алу құқығы беріледі.



Әлеуметтік кодекске сәйкес жұмыс берушілер кәсіптері мен қызмет түрлері Еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын жұмыскерлердің, өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің тізбесіне енгізілген жұмыскерлер үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударады, олардың 2 мыңнан астам позициясы бар. Осылайша, арнаулы әлеуметтік төлем экономиканың 19 саласында, оның ішінде тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінде және басқаларында жұмыс істейтін қазақстандықтарға тиесілі болады.

Төлем зейнеткерлік жасқа дейін төленеді. Арнаулы әлеуметтік төлемдерді алу үшін еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналыспауға тиіс. Жұмыскерлер жеңіл жұмысқа ауыса алады, содан кейін олар жалақы мен төлем алады немесе демалысқа шығып, зейнетке шыққанға дейін арнаулы әлеуметтік төлемдер алады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының деректері бойынша арнаулы әлеуметтік төлемді тағайындау үшін міндетті шарттарды ескере отырып, оған 2024 жылы 37 мыңнан астам жұмыскер, 2030 жылы – 58 мыңнан астам, 2035 жылы – 95 мыңнан астам жұмыскер үміткер бола алады. Осылайша, әлеуетті төлем алушылар саны жыл сайын ұлғаяды.

Алдын ала деректер бойынша, 2024 жылы арнаулы әлеуметтік төлемнің орташа мөлшері жалпы алғанда 208 мың теңгеден асады. Әрбір жұмыскер үшін төлем мөлшері БЖЗҚ-дағы жинақтарға байланысты болады. Бұл ретте жыл сайын арнаулы әлеуметтік төлем мөлшері ең төмен күнкөріс мөлшерінің ұлғаюына байланысты өседі. Алдын ала есептеулер бойынша 2030 жылы төлемнің орташа мөлшері 339 мың теңгені, ал 2035 жылы – 519 мың теңгені құрайды.

**Азат КӨШЕРБАЕВ,**
**СҚО әкімдігінің мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы басшысының орынбасары.**

БАСПАСӨЗ - 2024




ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

# СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

***Құрметті тұрғындар көптен күткен жазда келді. Сіз табиғаттағы демалыстарыңызды белсенді өткізе бастадыңыз, жағада уақытты көңілді өткізіп жүзуге келесіз. Сондықтан, жүзу кезінде өте сақ болуымыз керек, сол кезде демалысымыз қауіпсіз және денсаулыққа пайдалы болады. Су объектілерінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз және ең алдымен:***

- Суға алкогольдік және есірткі масаңдық күйде кіріп шомылуға болмайды;
- Тыйым салынған және жабдықталмаған жерлерде жүзуге болмайды;
- Қайықтардан, айлақтардан, сондай-ақ осы мақсаттарға бейімделмеген конструкциялардан суға секіруге болмайды;
- Тексерілмеген және жабдықталмаған жерлерде суға түсуге болмайды;
- Жүзуге белгіленген шекаралардан асуға болмайды;
- Жүзуге арналмаған заттарда жүзуге болмайды;



- Балаларды ересексіз суға түсуге - тыйым салынады.

Әрбір адам өздері жинаған су қоймасының ерекшеліктерін білуі керек, себебі тастар, су басқан ағаштар, темірлер, әйнектер және басқа да заттар болуы мүмкін.

Жүзер алдында су қоймасын тексеру қажет, суға түсу үшін таңдалған орын құмды жағада болуы керек және суға ыңғайлы түсуі керек

Өзіңізге және жақындарыңызға қамқор және мұқият болыңыздар!

# ШӨП ШАБУ ҚЕЗІНДЕ ӨРТПЕН ОЙНАМА!

**Ауыл аумағында жаппай шөп шабу және егін жинау кезеңінде тұрақты құрғақ ауа райында өрт қаупі өседі. Қазіргі уақытта пайда болған өрттерді анықтау өте қиын, олар қауіпті, себебі қатты жел мен құрғақ ауа-райында өрттің жылдамдығы өте жоғары, өртенген өрістерден өрт көршілес жатқан өрістерге, жақын маңдағы ормандар мен ғимараттарға дейін жетуі мүмкін.**

Өрт шықпау үшін бірқатар іс-шараларды өткізу қажет. Шөп шабудың басталуына дейін менеджер машина операторларына және далалық жұмыстарға жіберілген адамдарға арнап өрт сөндіру жөніндегі нұсқауларды ұйымдастыруы керек.

Уақытша далалық лагерьлер шабандық алаңынан 100 метр қашықтықта орналасуы керек. Далалық диірмендерге арналған учаскелердің ені кемінде 4 метр жолақпен сызылуы керек.

Әрбір комбайн, трактор, автокөлік бастапқы өрт сөндіру жабдықтарымен (екі өрт сөндіргіш, екі сепкілеу күрек, екі сыпырғыш, шелек, 1,5х1,5 м., трактор - бір өрт сөндіргіш, бір шілтер) жабдықталуы керек.

Өздігінен жүретін шасси, тракторлар, автомобильдер мен комбайндар қозғалтқыштары қызмет жасап тұрған ұшқын токты және реттелетін қуат, тұтану және майлау жүйелерімен жабдықталуы керек.

Шабындық жерлерде және шөп пен шөп өсіру аудандарында «Шылым шегу ауданы» деген сөзі жазылған арнайы бөлінген орын болу керек.

Шабындық жерлерде және олардың жанында ашық отты қолданумен, сондай-ақ шөп пен сабанның шөптерінің жанында шылым шегуге қатаң тыйым салынады.

**Өрт болған жағдайда, ауыл шаруашылығы дақылдарының массивтерін сөндірудің негізгі әдістері:**

- өртенген жерлерден трактор соқаларымен өту;
- өртенген жерлерді сыпырып тастау;
- өрт алдында жер жыртып, шөбін шабу және минералды жолақтар жасау.

Үлкен аумақты және күшті желмен таратылған өрт жағдайыда, сөндірудің негізгі тәсілі - минералды тосқауыл сызығын құру. Оны құру өрт алдында аяқталуы керек. Негізгі күштер өрт бойында шоғырлануға тиіс.

**Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.**

Директор - бас редактор
Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.
Тел: 2- 17- 49.
Басылым индексі 65360
e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда терілін беттелді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 680

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады